

**А.Ө. Тұрсынбаева<sup>1\*</sup>, А.Ж. Малдыбек<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.

<sup>2</sup>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Қазақстан, Түркістан қ.

\*e-mail: aigul\_73kz@mail.ru

**АБАЙ РУХАНИ МҰРАСЫНЫҢ МӘҢГІЛІГІ**

Бұл мақалада хакімнің рухани мұрасының мәңгілігін аша отырып, қазіргі замандағы құндылығын айқындау. Абай ілімі ұлтқа, дінге, нәсілге қарап айырмайтын адамзатқа ортақ рухани ілім. Абай даналығы хакімнің дүниені дұрыс танымдық көзқараспен таныған парасатында екенін түсіндіру. Абай Құнанбайұлының шығармаларынан қазақ халқының дүниетанымы, өмір сүру үрдісі, қазақтың болмысы, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпының иісі шығып тұрғанын мойындағымыз келеді.

XXI ғасырдағы Хакім Абай шығармаларының салмағын айқындай отырып, адамзаттың рухани құлдырау себеп-салдарының шешу жолын Абай іліміне сүйене отырып қарастыру жолдары нақтыланады. Қазақ халқының өмірлік философиясын Абай дүниетанымы арқылы танытып, «толық адамды» қалыптастыру, тәрбиелеу мәселесіне тоқталып, бүгінгі күндегі бұл идеяның маңыздылығын көрсетеді.

Абайдың адамшылық идеясы – қазақ халқының өмірлік философиясының өзегі екендігі, Абай дүниетанымының позитивті экзистенциалдық сипаты, Абай мұрасын көпшілікке жеткізе білу мәселесі, Абай прагматизмінің қазіргі рухани жаңғырудағы орны, Абайдың шыншылдық және әділеттілік категориялары заманға сай қолданылу мәселесі, Абайдың Ар ілімінің бүгінгі қоғамдағы маңыздылығы, Абайдың «Жақсы адам» идеясы, Абайдың білім мен ғылымға үндеудегі сциентистік көзқарастары, Абай шығармаларындағы діни дүниетаным мәселесі жан-жақты талқыланады.

Мақалада Абайдың Жүрек ақыл мен ұжданды жан-жақты байланыстырып жатқан терең мағыналы орталық ретінде қарастырады. Жүрек ойлану, ақылға салу, білу, тану секілді саналы харекеттердің негізгі нысаны болып танылады. Әрбір ақылға салынып, парасатты пайыммен жасалынған дүниені жүрекпен байланыстырып, жүрек мейірімділікпен ізгіліктің мекені деген нақты тұжырымды көрсетеді. Жүрек сәулесін, жанарын тат баспайтындай таза ұстау мәселесі көтеріліп, оның нақты жолдарын «Абай қарасөздері» арқылы ұсынады.

**Түйін сөздер:** Абай, философия, «толық адам», ізгілік, кісілік, адамгершілік, жүрек, ақыл.

A.U. Tursynbaeva<sup>1\*</sup>, A.Zh. Maldybek<sup>2</sup>

<sup>1</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Nur-Sultan

<sup>2</sup>Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Kazakhstan, Turkestan

\*e-mail: aigul\_73kz@mail.ru

**The eternity of the spiritual heritage of Abay**

The article reveals the enduring value of the spiritual heritage of Abay and clarifies the value at the present time. Abay's teaching, regardless of nationality, religion, races, is a worldwide spiritual teaching. Abay's wisdom lies in his cognition of the world from a cognitive point of view. I would like to note that the works of Abay Kunanbayev vividly reflect the worldview, way of life, rituals and traditions of the Kazakh people.

Emphasizing the value of the works and relying on the teachings of Abay, ways of overcoming the causes and consequences of the spiritual decline of humanity are proposed. Having shown the life philosophy of the Kazakh people through the worldview of Abay, the authors pay attention to the issues of the formation and education of an "integral personality" and emphasize the value of this idea in the modern period.

The humanistic idea of Abay is comprehensively considered as the core of the life philosophy of the Kazakh people, the positive existential nature of Abay's worldview, the problem of promoting Abay's heritage, the role of Abay's pragmatism in modern spiritual revival, the modern application of the categories of truthfulness and justice of Abay, the significance of Abay's doctrine of honor and conscience in the modern world, the idea of a "good person", views on education and science, Abay's religious worldview.

The article considers the Abay's Heart as a center of deep meaning that connects the mind and conscience. The heart is recognized as the main form of conscious actions, such as thinking, reasoning,

knowledge, and cognition. Connecting the world with the heart, which is created by rational vision, demonstrates the idea that the heart is the abode of humanity and virtue. The question of maintaining the heart in perfect purity is raised by considering the words of Edification of Abay.

**Key words:** Abay, philosophy, "whole person", kindness, personality, humanity, heart, mind.

А.У. Тұрсынбаева<sup>1\*</sup>, А.Ж. Малдыбек<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Евразийский Национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Нур-Султан

<sup>2</sup>Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Ясави, Казахстан, г. Туркестан

\*e-mail: aigul\_73kz@mail.ru

### Вечность духовного наследия Абая

В статье раскрывается непреходящее значение духовного наследия Абая и уточняется его ценность в настоящее время. Учение Абая независимо от национальности, религии, рас является общемировым духовным учением. Мудрость Абая заключается в его познании мира с когнитивной точки зрения. Хочется отметить, что произведения Абая Кунанбаева ярко отражают мировоззрение, быт, уклад жизни, обряды и традиции казахского народа.

Подчеркивая ценность произведений и опираясь на учения Абая, предлагаются пути преодоления причин и последствий духовного упадка человечества. Показав жизненную философию казахского народа через мировоззрение Абая, авторы обращают внимание на вопросы формирования и воспитания «целостной личности» и подчеркивают ценность этой идеи в современный период.

Всесторонне рассматриваются гуманистическая идея Абая как ядро жизненной философии казахского народа, позитивная экзистенциальная природа мировоззрения Абая, проблема пропаганды наследия Абая, роль прагматизма Абая в современном духовном возрождении, современное применение категорий правдивости и справедливости Абая, значение в современном мире учения Абая о чести и совести, идея о «хорошем человеке», взгляды на образование и науку, религиозное мировоззрение Абая.

Статья концентрирует внимание на абаевском определении сердца как центра глубокого смысла, соединяющего разум и совесть. Сердце признано основной формой сознательных действий, таких как мышление, рассуждение, знание, познание. Соединяя мир с сердцем, которое создается рациональным видением, демонстрируется идея о том, что сердце есть обитель гуманности и добродетели. Поднимается вопрос поддержания сердца в идеальной чистоте через рассмотрение «Слов Назидания Абая».

**Ключевые слова:** Абай, философия, «целостный человек», доброта, личность, человечность, сердце, разум.

### Кіріспе

Қазақ халқының ұлы перзенті Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл. Артында «өлмейтұғын» сөз қалдырған қазақтың аяулы перзенті Абай, өз мұрасы арқылы тұтас халыққа шамшырақ болып, қазақтың брендіне айналды.

Қазіргі уақыт, бүгінгі күн, жаңа сипаттағы жаңа күн, жаңа уақыт, жаңа кезең, жаңғыру кезеңі, сыншылдық кезеңі, Абай кезеңі. Бұл Абай атамның мерейтойына байланысты науқаншылдық кезең емес, керісінше бүкіл ғұмырымызға, өмірімізге Абайдың танымын барынша сіндіру кезеңі. «Жаңғыру өткеннен қол үзіп, тек жаңа құндылықтарға жол ашу деген емес». Бұл сабақтастық мәселесі. Өткеніміз, бүгінгіміз, келешегіміз ешқашан үзілмеуі керек. Өткенсіз жаңа заманға нық қадам баса алмаймыз, болашақты бағдарлауға дәрменсіз боламыз, бүгінгі күннің бағасын салмақтай алмай-

мыз. Осы мәселеде Абай мұрасын айналып өту мүмкін емес.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Мен бұл мақалада Абай сөзінің бүгінгі заманымыз үшін көкейтестілігі, ақын шығармаларынан халқымыз қандай тағылым алуға тиіс екендігі жөнінде жұртшылықпен ой бөліскім келеді» деді. Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де – осы», деп көрсетті (Тоқаев, 2020), ал академик Ғарифолла Есім «Абай рухы әр қазақтың қанында бар» деді (Есім, 2019: 34).

Абайдың бай мұрасын қайта зерделеу заман талабы. Абай мұрасы біздің тіршілігіміздің сансаласын қамтып, қазақ халқының өткені мен бүгінін ұштастырған өміршеңдігімен, мәңгілігімен бағалы, құнды. Абай әр сөзімен ұлттың өресін өсіруді көздеді. Абайды тану – адамның

өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – адамшылықтың көрінісі, адамдықтың белгісі. Сол себепті, Абай сөзі – ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы тиіс.

Ұлтымыздың рухани өрісін биіктетіп, ұлттық сана-сезім мен ұлт дүниетанымына, философиясына орасан зор үлес қосқан Абай мұрасы жаһандану ғасырында қазақ жастарының жат мәдениеттердің жетегіне еріп кетпеуіне ықпал етті. Абай мұрасының құндылығы осында. Бүгінгі таңда, әлемнің жаһанданған келбетіне ұлттың рухани жаңғыруы арқылы ғана тосқауыл қоя аларымыз белгілі.

Абай мұрасына қайта үңілу бүгінгі заман тудырып отырған қажеттілік. Бұл талаптың тағы бір себебі бар. Ол – мемлекеттің рухани келбеті мен имиджін Абай арқылы дәріптеу. Бұл туралы мемлекет басшысы былай дейді: «Қазіргі өркениетті мемлекеттердің барлығы дерлік шоктығы биік тарихи тұлғаларымен мақтана алады. Олардың қатарында саясаткерлер, мемлекет және қоғам қайраткерлері, қолбасшылар, ақын-жазушылар, өнер және мәдениет майталмандары бар. Қазақ жұрты да біртуар перзенттерден кенде емес. Солардың ішінде Абайдың орны ерекше» (Тоқаев, 2020).

Кешегі күні хакім, ойшыл не айтты, оның бүгінгі ХХІ ғасырдағы бізге берер тылсым күші қандай, бағыт-бағдары қандай, құндылық салмағы қандай? Замандар ауысып, уақыт өтіп, қоғам өзгергенімен, еш өзгермейтін құндылық бар, ол – адам, оның қабілеті мен қасиеті, адамшылығы. Осы мәселеге жауапты, өнегелі сөздерді Абайдың өзінен тауып, нақты көрсету біздің міндет.

Жалпы Абай шығармашылығының түпқазығы – тағылымы мол философиялық ой-түйіндер десек болады. Жоғарыда айтып өткеніміздей, оның барлық мұрасындағы ой-маржандар бүгінгі заман үшін қажеттілігін жойған емес. Абай өз туындыларында шын ақыл мен салқын сананы іске қосу арқылы туындаған мәселелердің шешімін көрсетіп берді. Жаратылысқа сүйіспеншілік, өмірді сүю, адамзатты сүю, жастарды білімге шақыру – Абай мұрат еткен дүниелер, бүгінгі күннің басты мәселелері.

## Негізгі бөлім

Хакімнің рухани мұрасының мәңгілігі қазіргі замандағы басты құндылық. Абай еңбектері арқылы заманауи қазақи философиялық ұғымдар жүйесін көрсетіп, өмірімізге ендіру басты

міндет екендігін дәріптеп, қазіргі қоғамдағы маңыздылығын көрсету, Абай тағлымынан қазақ халқының өмірлік философиясын іздеу, «толық адам» концепциясының маңыздылығын ұғыну және Абайдың көрсеткен жолымен жүріп, ғұмыр кешу әрбір қазақ үшін басты құндылық болуы тиіс.

ХХІ ғасыр адамзат алдына қыруар өзгеріс пен сауалды қатар алып келді. Техника, технология, ғылым, білім, тәрбие. Біз білім беру жүйесінде білімді студент, білімді маман, қабілетті бала дейміз. Ал сол студенттің қасиетіне, мінезіне, тәрбиесіне қаншалықты мән береміз. ХХІ ғасырдың жастарының қандай ғибратты, ізгілікті харекеттерін, адамшылық, кісілік өлшемдерін айта аламыз?

«Адам» ұғымын белгілі бір жүйеге түсіріп, тиянақты түсіндіруде көш басы болған философ – Сократ. Абайдың толық адам туралы танымы сол Сократтан басталатын Платон, Плотиндердегі сүюші сүйеніш, тірек еткен адам, қытайлардың дао іліміндегі әбден жетілген адам (совершенно мудрый человек), шығыс ойшылдары мен суфизмдегі камили инсани мен пенделіктің кәмалаттығына ұмтылған адам және Ирандағы жәуанмәрттікпен сабақтасып, туыстасып жатады. Абайдың адамшылықты жырлаудағы ең басты жаңалығы да осы болып табылады (Перар, Перро, 2004: 74-77).

Абай мұсылманшылығы «жоғары» тұлға. Абай шығармаларындағы білімсіздікке, надандыққа қарсы бағытталған сыншылдық ұстанымның негізінде, елін кемелдікке, толықтыққа шақырған асыл адамгершілік мұратының негізінде Құран аяттарындағы ақиқаттармен қатар Пайғамбар хадисіндегі осы қағидат жатыр деп білу орынды» (Тарақов, 2010:4). Абайдың түгел дерлік шығармаларының түпкі мазмұны құран аяттарымен, Пайғамбар хадистерімен сабақтасып жатады.

Хакім Абайдың «ақыл қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден бөлек» деген ой-тұжырымын «қазақ халқының өмірлік философиясы» деп түсінуіміз қажет. Бұл ақиқат. Ақыл жаратушының нұры, адамға берген баға жетпес нығметі. Ақылсыз мәдениет те, білім де, ғылым да, өнер де жоқ. Ақылсыз, көрікті мінезсіз адамша өмір сүру мүмкін емес. Нұрлы ақыл мен ыстық қайратты қатар ұстағанмен, олар жылы жүрекке бағынуы керек. Жүрек деген мейірімділік, ізгілік, жақсылық, жылылық. Мейірімсіз қайрат, мейірімсіз, нұрсыз ақыл қайда бастамақ? Әсіресе, қазіргі қоғамның өзекті мәселесі, ар ойламай пайда ойлап

кеткенде, жүрек қайда қалады? Бұл үлкен мәселе. Ақыл – әділеттен, қайрат – ынсаптан, мейірім – жүректен тумай ма? Мысалы: Ақыл идея ол формаларға тәуелді кімде қандай болса, ақылда сол жолда болмақ. Егер адам зұлым болса, оның ақылы суық ақыл болар еді, ал тақуада нұрлы ақыл. Ғұлама, данышпан, дана, хакімдер өз өмірлерін әділет жолына арнап, нағыз қайрат сабырдан, шыдамдылықтан шығатындығына үлгі болды (Есім, 2012: 200). Сабырмен төзген жеңеді мықты болсақ нәпсінің үйіндегі ынсапты босатып алайық, сонда қайратты боламыз деген ниетте болды. Хакім Абайда сабырлық, шыдамдылық қайраттан шығады демей ме, енді кезек жылы жүректі елжіретіп босатып жіберетін мейірімді іс пен көңіл, жүректі жылытатын мейірімділік, ізгілік. Әдет, білгіш, ескіртозған дәстүрді – әділет емдейді. Әділет жолында тек ақиқат бар, ал мейірім қайда қалды деген сұрақ туындайды? Мейірім ол таза ақылдың негізі оған дәлел: Ақылмен хауас барлығын, Білмейдүр, жүрек сезедүр немесе Ынталы жүрек, шын көңіл, Өзгесі хаққа жол емес. Таза ақылдың жүрекпен байланысын Хақ Тағаланың нұрынан келеді екен, жүректі мейірімділік арқылы емдеу, жүректі кірден тазартады.

Жүректің көзі ашылса,  
Хақтықтың түсер сәулесі.  
Іштегі кірді қашырса,  
Адамның хикмет кеудесі  
(Құнанбайұлы, 1995:168).

Жүректі кірлететін қиянатты ойлар мен зұлымдық істер емес пе, сол себепті ойымызды, ниетімізді тән құмарынан және дүние қызықтарынан мейірім арқылы тазарса, Хақтан нұр түседі, оны таза ақыл дейміз. Ақылдың нокталануы, таза ақылдың жоқтығынан болады екен. Бұған дәлел мына бір өлең жолдары, мысалы: Құр сөзге нанып ден қойма, Шын таза ақылдың таппас заты жоқ, немесе Дәлелсіз – соққан жел, ұшқан тозаң, Таза ақылдың алдында жоқ қой құны. Сыни ой, күдіктену осы таза ақылдан шығады, өйткені таза ақыл біреудің дәлеліне тоқталып хақиқатты тануда арсыздық танытпайды. Адамда таза ақыл бар, бірақ егер адал еңбек, ақ пейіл, мейірім кетсе таза ақыл өледі. Таза ақылдың жоқтығы әлемде хаус, тұрақсыздық пен қауіп-қатерді арттыру қауіпі бар екен. Таза ақылдың өлуі адал еңбек, ақ пейіл, мейірім ұғымдарымен байланысты. Таза ақыл дегеніміз – ұждан болғаны ма? Таза ақылды құрайтын адал еңбек – әділет болса, айнымай-

тын ақ жүрек – ынсап, ал мейірім – мейірім, ұқсастығы дәл келіп тұр, таза ақылды бірақ егер адал еңбек, ақ пейіл, мейірім кетсе таза ақыл өледі. Таза ақылдың жоқтығы әлемде хаус, тұрақсыздық пен қауіп-қатерді артыру қауіпі бар екен.

Адам болмысына, табиғатына, қадір-қасиетіне ой жүгіртсек, бір-біріне мүлдем кереғар қарсы екі қыры бары байқалады. Кей жағдайда керемет тартымды қасиеті көрінсе, енді бір жағдайда жиренішті кездері де болады. Кейде өзімшіл, тәкаппар, пайдакүнем болса, енді бірде жомарттық, мәрттік қасиеті байқалып тұрады. Кейде жауыздыққа бой алдырса, енді бірде мейірімді әрі әділ болады. Кейде екіжүзді, айлакер көрінсе, енді бірде шынайылығы, ықыласы және мәрттігі байқалады. Кейде парасатты, саналы болса, енді бірде санасыз, парықсыз көрсоқырға айналады. Сондықтанда адам баласының адамшылығын сөз еткенде, оның қасиеті мен қабілетіне мән беруіміз керек. Адам баласы жаратылысындағы осынау алуан түрлі қасиет пен қабілеттің қарама-қайшылықтарына қарамастан бәрібір адам деген ардақты атқа лайықты.

Адам табиғатының рухани және нәпсілік қырлары бар екені белгілі. Бірақ үнемі нәпсісін тәрбиелеп, адамшылықты ту етіп, пайғамбарлар көрсетіп кеткен жолда жүріп, мәңгілік өмірді мақсат ету үшін не істеуіміз қажет – деген сұраққа жауапты Абайдың қарасөзінен табамыз.

Рухани дүниесі мен жүрегіне кірбің келтірмей, арын биік ұстап ғұмыр кешетін жандар әлсін-әлсін әу бастан бойына біткен мінез-құлқы кейде сыр бергенімен, әрдайым ақиқат жолынан танбасқа ұмтылады. Ал тәннің тойымсыз матауына түскен тоғышарлығы биік адамдар әрі қарай құлдырай түседі. Арсыз ақылға тән қасиет, көр соқырлық, пайда, мақтан. Арсыз ақылды адам ғалым болса заманға қауіп төнеді. Өлемді жау көріп, тойымсыздықтан қоғамға көптеген зардаптар алып келуі де таңқаларлық жай емес.

Ақын қарасөздерінде адам бойындағы ізгі қасиеттерді анықтап көрсетіп қана қоймай, олардың өзара қарым-қатынасын, басқа адамшылық қасиеттерін кең зерттеп толғайды. «Он жетінші сөз», «Он бесінші сөз», «Он төртінші сөз», «Жиырма алтыншы сөз» жүйелерінде жоғарыдағы мәселелер кеңінен талқыланады. «Рақымдылық, мейірбандылық, әрбір түрлі адам баласын өз бауырым деп, өзіне ойлағандай ойдың оларға да болса игі еді демек, бұлар – жүрек ісі. Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды, амалдың тілін алса, жүрек

ұмыт қалады», – деген сөзде үлкен мән бар. Рақымдылық, мейірбандық Алла сипаттарынан шығатын ұғымдардың қатарына жатады. Адам өзгелерге рақымды, мейірімді болса, көктегі де оған рақымды. Өзіне тілегенді өзінің бауырына да болсын деп шын ниетпен тілемейінше, ол адам рақымды, мейірімді болмайды, Алла жолына түспейді. Адам табиғатына тән нәрсе, өзіне тек жақсылық тілеу болатын болса, өзгелерге де дәл сондай ниетте болуы керек. Бұл адамдықтың белгісі, кісіліктің өлшемі, жүректің мейірімділігі. «Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ. Құр көзбенен көрген біздің хайуан малдан неміз артық?», надан «көңілі, көзі жетіп тұрса да, хайуан секілді әуелгі әдегінен бойын тоқтата алмайды», «Малда да бар жан мен тән, ақыл, сезім болмаса», «Өзің үшін енбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың» «Ақылға сәуле қонбаса, хайуанша жүріп күнелтпек» деген ойлар Абайдың өз тұсындағы ойшылдардың бірінің де шығармашылықтарынан кездестірмейміз. Сондықтанда Абай өмір сүру философиясының негізін қалады, «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» адамша өмір сүрудің үлгісін көрсетті (Тұрсынбаева, Малдыбек, 2019:61). Хакім хайуандықты адамның ішіндегі асыл қазынасын, Алланың берген нығметін жоғалтып алуымен байланыстырады. Әрине бұл – адамның арзан ойын-күлкімен, ішіп-жемекпен, ұйықтамақпен, мақтанмен, тән құмарының жетегінде әуре болып кетуінде. Абай көзқарасының рухани алғышарты байырғы бастау-өзегі ұлы ойшыл әл-Фараби даналығымен сабақтасып жалғасып жатыр. Мұның өзі Абайдың философиялық көзқарастарының ғылыми және тарихи маңызы тек қазақ қана емес, тұтас ғалам үшін ақыл-ойы айрықша жоғары екендігін көрсетеді.

Ол өзінің «Жетінші сөзінде» де дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білуді адамдық парыз ретінде көрсеткен. Абай: «Мекен берген, халық қылған ол ләмәкән, түп иесін көксемей бола ма екен?» – дейді. Демек, оның ойынша, адамның адамдығы оның «түп иесін» тануына деген ұмтылысынан көрінеді. Осы түп иені табу немесе тану қалпы жүрек арқылы жүзеге асады. Абай ілімі бойынша танымның объектісі – жүрек. Ақыл – шектеулі, Алла – шексіздік, олай болса, шексіздіктің сырын шектеулі ақыл қуатымен біле алмаймыз. Дегенмен, Алла адамның кеудесіндегі қалбке сыйып кетеді. Өйткені, Абайдың «адамның хикмет кеудесі» түсінігі Ясаудидің хәл іліміндегі құдайлық танымға негізделген. Оның ойынша, иманды сақтауға «қорықпас жүрек», «айнымас

көңіл», «босанбас буын» керек. Рухани беріктігі мен ары жоқ адам – алдағанға, азғырғанға айнып, еріп, «иман еттім» деген сертінен тайып, ақты қара, шынды өтірік деп кете баруы мүмкін. Ал, имандылық – иман келтірген нәрсесінің «Хақтығына» ешбір шүбәсінің жоқ екендігін көрсетеді (Сүйіншәлиев, 1956:88).

Жақсы адам туралы концепция жасауға ынта әр заманда болған. Бұл проблеманы барлық ғұламалар басты назарына алған. Ибн Араби өз шығармаларында «кәмелетті адам» туралы концепция жасауға ынталанған. Кешегі кеңес дәуірінде «жан-жақты жетілген адам» – концепциясы жасалды. Жақсы кісі кім, немесе қандай ісі арқылы адам жақсы атанбақ, бір шешімін таппай келе жатқан аса келелі проблема.

Абай жақсы адам деп, жоғарыда айтқандай, үш қасиетке ие болған жанды айтады. Қайратты, ақылды, жүректі адамның ісі толық болмақ. Жақсы адамның бойынан осы үш қасиет бірге табылуы керек. Сонда толық боласың елден ерек. Абай түсінігінде толық адам рухани бай, әділ, кісілік қасиетке ие, хақ жолындағы азамат. Осындай адам ғамалус-салих жолындағы адам. Яғни ол ізгі іске әзір жан. Ізгілік тек сана емес, сөз емес, ол харекет, ол қайырымды іс. Ізгілікті айқындаушы адамның харекеті, ниеті, пейілі. «Ниет түзелмей, пейіл өзгермейді», – дейді қазақ. Ізгілікті адамның сөзі мен ісі бір. Ғамалус-салихты Абай осы мағынада түсіндірген.

Алла өзіне сеніп құлшылық еткен пендесіне адамилық қасиеттерін жоғары, таза ұстауы үшін екі қасиет берген – ақыл және жүрек. Ұлы тұлғалардың басқа адамдардан айырмашылығы да осы екі қасиеттің айналасында. Ерекше сезімтал жүрек пен өлшеусіз мол ақылда. Адам өзі істеген ісін, жазған сөзін жүрегіне сынната білсе-ақ, таза жүректің тылсым пернесін аша алады. Ақыл елегінен өткен ұйғарымды жүрек арқылы өткізіп отыру қажет. Жүрек ықпалына сеніп дағдыланған кісі өз мінін де, басқаның мінін де көре алады. Абайдың Алла берген әділ сыншысы қазағым, қайран жұртым деп толқыған ақ жүрегі. Хакімнің «Қара сөздерінде» жүректің жақсы, жаман, күйген, сүйген, жақсылыққа еритін, жамандықтан жиренетін, ынсап, ар-ұят, әділет, рахым, мейірбандық, езілу, қабыну, сүйіну сезімдерінің теңіз тұнғығындай мол қазынасы бар. Бірақ жүрек өте нәзік дүние. Оны сақтандыратын, сақтайтын құрал болуы керек. Ол құрал – ақыл. Ақыл адам жанының қорегі. Ақыл абайлатпай әрекет қылдырмайды, ұятқа қалдырмайды. Дегенмен, Абай Абай болмас еді, егер ақыл кеселдерін де ашып, солар-

дан сақтандырмаса. «...ақыл кеселі деген төрт нәрсе бар. Содан қашық болу керек. Соның ішінде уайымсыз салғырттық деген бір нәрсе бар, қалайда жаным, соған бек сақ бол, әсіресе, әуелі – құдайдың, екінші – халықтың, үшінші – дәулеттің, төртінші – үлгінің, бесінші – ақылдың, ардың – бәрінің дұспаны» (Есімов, 1994:185-186).

Ізгі істің түбінде әділеттілік ақиқат жолы жатыр. Қай заманда болмасын, адамға да, қоғамға да қажетті құнды дүние – әділеттілік. Абай әділеттілік жолындағы адамды, жақсы адам, толық адам, ізгілік жолындағы адам ретінде көрсетеді. Ал заман ауысуымен, қоғамға келген өзгерістер де заманында адамдар ісінен ізгілік табу өте қиынға соқты. Адамшылықтың қарапайым қағидалары сақталғанымен, ізгілікті істер өз арнасында, толыққанды болмады. Қоғамдағы әділетсіздік, зұлымдық, адам табиғатына жат әрекеттер ізгілікті істерден ауытқитатын негізгі дерттерге айналды. Бұл сұрақ қазіргі қоғамның басты мәселесі.

Абай еңбектерін жүйелеу арқылы сана-сезімнің, адамшылықтың түрлі дәрежелерін көруге болады. Адам санасының түрлі дәрежелерін исламның басқа ғұламалары да көрсетіп кеткен. Бұл мәселеде, Абай ілімінің мінсіздігі дау тудырмайды. Абай отыз сегізінші қара сөзінде адамның жетілу деңгейлерін «жарым адам», «адам», «толық адам» деген жүйесін қалыптастыра отырып, пайғамбарымыздың хадисінен, оның мынандай пікірін келтірген «Хайрун нас ман йанфағу нас» қазақшасы «адамның жақсысы адамға пайда келтірген адам» (Нұрғалиев, 1995: 720).

Адамзат ұлан ғайыр байтақ әлемнің бір кішкентай бөлшегі болса да, жаниесі Жаратушыға қайту жолында көптеген белестерден өтеді. Бұл белестерді Абай үш сатыға бөледі. Абай жетілу жолында бір сатыдан екінші сатыға, бір деңгейден екінші деңгейге көтерілу үшін екі шарт керек екенін көрсетеді: біріншісі, адамның жетілуге ынта-жігері болса, ал екіншісі, жетілу деңгейіне көтерілу үшін жасалған мүмкіндік. Абай ілімін жүйелей отырып, адам санасының жетілу жолдарын үш сатыға шоғырландыруға болады.

Біріншісі – ең төменгі саты, жарым адам. Бұл төменгі сатыдағы адамдар, өмір сүру арнасын дұрыс түсінбей, өмірдің күнделікті қызығымен, күндіз-түні тән құмарын іздеп жүргендер. Бұл адамдар – нәпсілерінің толық ықпалында. Оларды Абай өзінің отыз сегізінші қара сөзінде «жарым адам» деп атайды. Алланың разы-

лығы, адамзаттың парызы үшін емес, тек өз басының қамын күйттеген жандар. Өмірді тек қана өз тәндері арқылы сезінгендіктен оларда өзімшілдік қасиет басым келеді. Олар өздерінің тағдырына байланысты бейберекет ретсіз өмір сүретін, жан құмарын мүлдем ойламайтын, тән қамымен жүретін, адамша өмір сүрудің жолында, бағытында дұрыс пайымдай алмайтын, дұрыс тәрбие де ала алмай, сана-сезімі төменгі бірінші сатыдан жоғары көтеріле алмай өмір сүретіндер. Абай өзінің 2, 6-қара сөздерінде осындай адамдардың қасиетін білдіреді. Малдан басқа білері, тіпті мал табуға қаракеті де жоқ, адал еңбекпен шұғылданбайтын, ғылым-білімге құлқыны жоқ, қайырымсыз, өтірік айтып, өсек-аянды күйттейтін мұндай жандарды ойшыл малдан айырмашылығы жоқ деп есептейді. Өнер үйренуге құлқы жоқ, білген өнерін арттырмайтын, еріншектіктің елінен бойын аулақ сала алмайтын талапсыз, жігерсіз, мақтан сүйер адамды жарым адам деген ой түйеді (Құнанбайұлы, 2016:100).

Екінші сатыдағыларды Абай «адам» деп атайды. Адам мақсаты – өзін-өзі толық танып, өзіне есеп бере алатын, өзіне сыни көзбен қарай алатын, адамдықтың шыңына жеткен адам. Өзін-өзі танудың шыңы – Абай ілімі бойынша өзінің рухани болмысын тану. Сонда ғана Абай көрсеткен адамшылық «адам адамға дос» деген қағидасын іске асыруға болады. Абай бұл деңгейдегілерге әділеттілік, адамға адалдық, мейірімділік, ізгілік, қамқорлық, достық тәрізді адамшылық шарттарын молынан үйлестіреді.

Жетілудің ең соңғы сатысы – рухани жетілу. Толық адам. Бұл сатыдағы адамның мақсаты – санасын рухани деңгейге көтеру, Абай көрсеткен өмірдің негізгі мақсатына өз Жаратушысына қайту. Бұл сатыға өте сирек адамдар, Абайша «толық адамдар» кәмәлат ғазамат ғана көтеріле алады.

Бұлар өзін-өзі танудың шыңына жетіп, өздерін Алла тағаланың құлы деп танып, Аллаға деген махаббатын шыңдап, өмірлерін соған толық сәйкестендіргендер. Екінші сатыдағылардың мақсаты – жұмаққа көтерілу болса, ал бұл үшінші сатыдағылардың мақсаты – рухани әлемге, өз Иесіне қайту. Алланы шексіз сүю, оған деген қайтымсыз махаббатты сезіну. Абай «Ынталы жүрек, шын көңіл, өзгесі Хаққа жол емес» деп рухани жолдағы бірінші шарт – адамның құдайға деген ынтасы, екінші шарт – оның құдайға деген шын көңілі, яғни таза көңілі, өзгесі Хаққа жол емес деп анық айтады. Бұл құдайға толық берілу деңгейі (Шамахайұлы, 2019:152).

Толық адамның көп сипатының бірі – ол Алланы жан-тәнімен сүйген шын мұсылман. “Құдай тағаланың жолы деген жол ниһаятсыз шексіз” дейді хакім Абай. “Оның ниһаятына ешкім жетпейді. Бірақ сол жолға жүруді өзіне шарт қылып кім қадам басты, ол таза мұсылман толық адам делінеді. Дүниеде түпкі мақсатың өз пайдаң болса, өзің ниһаятлысың, ол жол құдайдың жолы емес. Ғаламнан жиылсын, маған құйылсын, отырған орныма ағып келе берсін деген ол не деген нысап? Не түрлі болса да, я дүниеңнен, я ақылыңнан, я малыңнан ғадаләт, шапағат секілді біреулерге жақсылық тигізбек мақсатың болса, ол жол – құдайдың жолы” (Мырзахметов, 1994:50). Сонымен, Абай пайымында, жаратушы иенің жолының шеті, шегі жоқ, бастауы беймәлім, аяқталуы да белгісіз өзгеше әлем. Сол ғажайып өзгеше құбылыстың есігін ашып, дәм-тұзын татып, тіршілік ләззатына бату, жар сүю, бала өсіру, шабытты көңіл күйге кемелдену жердегі пендеге ғана бұйырған. Жақсылыққа тасымай, жаманшылыққа саспай сол жаратқан ие жолымен өзгеру, даму, ілгері басу адамдарға ғана тән нәрсе. Осының өзі бақыт, көңілдің тоқтығы, жүректің имангүлі, осыған шүкіршілік жасап, өзін ғана ойламай басқаға да жақсылық келтіріп көмек бере жүрсе адам толық адам дәрежесіне көтеріледі.

Яғни, толық адам дегеніміз шетсіз, шексіз дүниенің рахымын, алланың махаббатын жүрегімен сезіне жүреді. Ұят пен құдай сөзін ұстау иманның екі түрі екенін біледі. Жаратқан ие жаны сұлу адамды, сұлулықты ұнатады. Алланың өзі кешірімшіл, кешірім жасауға дайын кісілерді өзіне тартады. Кез келген пенденің сауап таразысына салатын жақсы мінезінен артық ісі жоқ. Сауап таразысында дәулет те, атақ та, абырой да салмақ бола алмайды. Таразы алдында жақсы адамдар бұл фәниде қайырлы істерді көп жасай алмағанына өкінсе, жаман адамдар жаманшылығынан дер кезінде қайтып тәуба қылмағанына өкінеді. Әрбір адам баласы өз істерін, өз тағдырын күнінде, аптасында таразыға салып өз-өзіне есеп беріп отыруы қажет. Абай аңсаған бар қазақ осындай болса екен деп армандаған толық адам сипаттары осындай.

Абай толық адам қатарына, кәміл мұсылманды, хакімдерді, әулиелерді және пайғамбарларды жатқызады. Егер де туған, тәрбие алған ортасы рухани жағынан жетілген болса, онда адам ең жоғары, рухани кемелдену сатысына тез көтеріледі. Абайды алатын болсақ, ол иманды және дәулетті отбасында өмірге келгендіктен,

имандылық және дәулетке жету деңгейлерінен бөгелмей өтті.

Сондықтан ол өмірін сезім қанағаты деңгейінен бастап, «толық адамның» хакім деңгейіне дейін көтерілді. Абай адамды жетілудің ең жоғарғы сатысы – рухани кемелдену сатысына көтерілуге шақырады. Бұл туралы ол өзінің 34-сөзінде былай дейді: «Кімде-кім ахиретте де, дүниеде де қор болмаймын десе, білмек керек: еш адамның көңілінде екі қуаныш бірдей болмайды, екі ынтық – құмарлық бірдей болмайды, екі қорқыныш, екі қайғы – олар да бірдей болмайды. Мұндай екі нәрсені бірдей болады деп айтуға мүмкін емес. Олай болғанда, қай адамның көңілінде дүние қайғысы, дүние қуанышы ахирет қайғысынан, ахирет қуанышынан артық болса – мұсылман емес» (Тұрсынбаева, Малдыбек, 2019:51). Абай бұл жерде рухани байлықты ахирет қайғысын, қуанышын материалдық байлықтан дүние қайғысынан, қуанышынан жоғары қояды. Сонымен ойшыл өмірдегі түпкі мақсат – рухани мақсат, деп ой түйіндейді. Кеменгер «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңінде, алланың жолындағы адамдар ахиретте де, бұл дүниеде де қор болмайтынын көрсетеді. Оның амалы – Құдайға таза құлшылыққа ұмтылушылық. Әрбір сатыдағы адамдардың деңгейлері әртүрлі болып келеді. Олардың жетілу дәрежелері әртүрлі: санасы, мінез-құлық, ой-өріс, ниет-пейілдері, ақыл-естеріне байланысты іс-әрекеттері, өмір мақсаттары, өмірлік ұстанымдары да әртүрлі болады. Адамның бір деңгейден екінші деңгейге көтерілуі оның болмысының сапалық өзгерісін, парасат деңгейін, санасының өзгеруін көрсетеді. Ол неғұрлым жоғары сатыға көтерілген сайын, оның санасы, рухани тазалығы, жан қуаты солғұрлым жоғары болмақ. Өмірде адамның жетілу дәрежесін бақылау оңай емес. Бұл жан мен тәннің күресінің көрінісі. Абай ақыл мен жан мен өзім, тән менікі дейді ғой. Жан мен тәннің арпалысы үнемі жүріп отырады. Бұл күрес күнделік өмірде толассыз жүріп жататындықтан, бір күннің ішінде адам бір сатыдан екінші сатыға ауысып отыруы мүмкін. Өйткені адамның иманы да әлсіреп, күшейіп отырады. Мақсат сол жоғары сатыда бекінуде. Адамдардың имани келбетін, ниетінің дұрыс екенін, нағыз деңгейін анықтау да соншалықты қиын. Абай мұрасын осылай жүйелеу арқылы адам санасының жетілу, кемелдену сатыларын көре аламыз. Бұл Абай ұлылығының бір көрінісі (Сыздық, 2004:158).

Енді осы, әрбір сатыға көтерілу үшін Абай, адам жасауға тиісті әрекеттерді көрсетеді. Абай көрсеткен төменгі сатыдан «жарым адамнан» көтеріліп, келесі «адам» сатысына көтерілу үшін керек бірінші қадам – білім алу, іздену, әрекет жасау. Бірінші қадам болмаса екінші қадамның болмайтыны тәрізді, білім болмаса жетілу де жоқ.

Абай ары қарай өзінің толық адам туралы ойларының негізін жәуанмәрттілікпен ұштастыра қарайтындықтан: «Белгілі жәуанмәрттілік үш хаслат бірлан болар деген: сиддиқ, кәрәм, ғақыл. Бұл үшідан сиддиқ-ғадалат болар. Кәрәм шафағат болар, ғақын-мағлұм дур ғылымның бір аты екендігі. Сенде бұл ғылым, рахым, ғадалат үш сипатпен сипаттанбақ; ижтиһадің шарт етгін, ... толық инсаниятың бар болады», – деген пікірін ашық айтады. Адам болудың бұл үш сипаты: ғылым (ақыл), рахым (шафағат), әділет (ғадалат) тәрізді қасиеттерді жас ұрпақтың бойына толық дамытқанда ғана оның аты – Абай сөзімен айтсақ толық инсанияты бар немесе камили инсани бола алмақ» (Мырзахметов, 1982:27), – деп Мекемтас Мырзахметов Абайдағы «адам» ұғымына байланысты терең мәнді ұғымдардың ара-жігін ашып береді.

Егер адам ақиқат жолын ұстанса, ол адам өзінің таза жүрегіне өшпенділік ұрығын егуге мүлде болмайды. Абайдың айтуы бойынша, адамзат пен мына дүние махаббатпен көмкерілсе, онда адамға ғашықтық пен сүйоден басқа жол жоқ, онсыз өмірде мән де жоқ, сипат та жоқ. Бұл адамды хайуаннан ажыратып тұратын таза рухани сипат. Немесе тағы бір өлеңінде «жүректің көзі ашылса, хақтың түсер сәулесі, көңілден кірді қашырса, адамның хикмет кеудесі» дейді. Бұл айтқан пайым ұлы ойшылдың рухындағы ілімнің бірден-бір түп қазығы. Абайдың: «Адам бір боқ көтерген боқтың қабы, боқтан сасық боласың өлсең тағы» деп, мұндай адам қаратүнекке, жамандықтың ластығына түскенмен бірдей. Абайша адам өмірінің мақсаты – жетілу және кемелдену. Бұл әрбір адам үшін ең маңызды рухани қайнар көз және қойылатын басты талап. Демек, өмір сүру мәнінің өзі адамның адамдығының формуласы. Адамша өмір сүру, ғұмырың өз арнасында деген сөз. Ал, адамша өмір сүрмеу, адамдықтан кетіп, тіршілікке тірек бола алмау (Әуезов, 1995:112).

Ең бастысы жаратушы кісісіне қадір-қасиетті сыйға тартқан. Олар әділдік, дәулет, Шәкәрімнің тілімен сау ақыл және қанағат. Себебі, ақылды сау ететін білім, ал адамды Жаратушы алдында адам қадірлігін сақтайтын қанағат. Міне,

осы төртеуінің гармониясы адамның қадір қасиетін арттырады. Бұл Ж. Баласағұн ұсынған концепция.

Абай даналығының тағы бір бейнелі тұсы – адам табиғатына, оның ар-ұжданына, кісілігіне салмақ салады. Адамның неден қашық, неге асық болуын тұжырымдап, мәңгілік дилемма жақсылық пен жамандық, надандық пен имандылық, зұлымдық пен қайырымдылық секілді адамның шынайы келбетін ашатын қасиеттердің мағынасын ашуға талпынады. Осы орайда оның ұстанған негізгі принципі кісілік, имандылық, адамгершілік секілді адам баласының оң қасиеттеріне көбірек ие болуға шақырады (Омаров, 2002:150).

Қазақ дүниетанымында «кісі» деген сөз бар. Ол әлі талқыланып, философиялық еңбектерде өзіне лайық орнын таба қойған жоқ. Оған көңіл аударған академик Ғарифолла Есім «Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол» деген Абай сөздеріне талдау жасай отырып, Абай «біреудің кісісі» деп отыр, демек «кісі» деген оның иесіне байланысты айтылған ұғым. «Кісі» деген әлі индивидуализацияға түсе қоймаған «біз» деген философияға сай ұғым.

Адамның кісілік келбетінің қалыптасуына оның сыртқы көрінісі емес, ішкі рухани жан дүниесінің жетілуі, тәрбиеленуі неғұрлым маңызды болып табылады. Осыған байланысты Абай былай деп жазады «Кейбіреулердің бар өнері, мақсат киімін түземек, жұрыс-тұрысын түзетпек болады да, мұнысын өзінше бір дәулет деп біледі». Ал толық адам өзінше ең алдымен өзінің рухани жетілуін ойлау керек. Жан құмарын арттырып, жан қуатын күшейту қажет. Оның жолдары басқаша: алғашқысы – әрбір жаманшылықтың жағасында тұрып адамның адамдығын бұзатын жаманшылықтан бойын аулақ ұстау, бұл адамға нұр болады. Екіншісі – өзін-өзі өзгешелікпен артық көрсетпек адамдықтың нұрын, шырқын, гүлін бұзады. Үшіншіден, қастық қылмақ, қор тұтпақ, кемітпек. Олар дұшпандық шақырады. Бұл жерде үлен ар мәселесі көтеріліп, ар ойламай, пайда ойлаудың жолында өзін құрбан етеді.

«Кісі» сөзінен «кісілік» ұғымы туындайды. Философиялық еңбектерде «кісілік» ұғымына бірінші анықтама берген академик Ғарифолла Есім. Ол анықтама да Абай өлеңдерінен туындаған, яғни «адамның» тауып айласын, «кісілікті ойламай» – деген тіркесіне назар аударайық (Есім, 1998: 29).

«Адамның айласын» табамын деп жүріп, кісілікті ұмытып кету қаупі әбден болады.



Адамның айласы оның мінез-құлығы, тәрбиесі. «Адамның күні адаммен» дегенді жақсы ұстанып алған адамдар қалайда «адамның айласын» тауып, оның көңіліне, назарына ілінуге тырысады. Әрине, күйкі тіршіліктің күйбеңі әр адамды осындай бейшара күй кешуге мәжбүр етеді. Кей жағдайда, ойда жоқта, кісілік те пендешіліктің құрбаны болып кете барады. Бұдан өткен сорақылық, шарасыздық жоқ. Күнделікті өмірде, бұл әркімнің басында арпалысқа түсетін қайшылық. «Кісілік» деген адамның намысы, өзіне-өзі жасайтын құрметі, өзін-өзі сыйлауының белгілі бір деңгейі, кісіліксіз адам – тағдыр тәлкегіне түскен – мүсәпір, бейшара жан. Кісіліктен бір арылып қалған сананың ендігі жерде өз-өзіне келіп, толысуы екіталай іс. Қасықтап жиған абыройды, шелектеп төгеді дейді, қазақта. Абайдың айтып отырғаны осы мәселе. Керек адамның көңілін табамын деп жүріп «кісіліктен» айырылып қалуға болмайды, өйткені, «кісілік» адамның өзегі, оны жетілген адам, толық адам дәрежесіне көтере алады (Есімов, 1998: 30).

Қандай жағдай болса да, түркі кісісі ізгіліктен қол үзбеуі тиіс. Нағыз, шынайы кісілікке ұмтыл. Кісіден дүние теріс айналмайды. Харекет жаса. Уақытты босқа өткізбе. Ізгілікті жанға ғана есеп бұйырған. Не істедім, не қойдым деп адам бір мезетте өзіне-өзі есеп беруі қажет.

Он тоғызыншы, отыз бірінші, отыз екінші, отыз үшінші сөздер ақыл, ғылым, өнер, еңбек мәселелерін тығыз диалектикалық байланыста жан-жақты қарастырған. Осы сөздерден ақылдың барлық кеселдерін анықтап шығуымызға мүмкіндік бар. Ақыл кеселінің ең ауыры – уайымсыз салғырттық. Экзистенциализм түсінігімен айтсақ – мұңсыздық болып шығады. Ел арасында да мұндай қылықты бойына жұқтырған кісіні “мұңсыз” деп атайды.

Екінші кесел – жалығу, ол адам табиғатында туа біткен қасиет. Осыны байқаған Абай мынадай сауал қояды: Ақылы түгел, ойлы адамның бір баласы байқаса осы адам-баласының жалықпайтұғын нәрсесі бар ма екен? Тамақтан да, ойыннан да, күлкіден де, мақтаннан да, кербездіктен де, тойдан да, топтан да, қатыннан да көңілі аз ба, көп пе жалығады. Бұлай болғанда ақымақтық, қайғысыздық та бір ғанибет екен деп ойлаймын.

Үшінші кесел – мақтан. Ақылды кісілер жақсы демесе демесін, жаман деуге септік жасамасам болды деп тырысады. Мақтаншақ кісілер демесін демейді, десін деп шаршайды. Бай десін, батыр десін, қу десін, пысық десін, не болса да

әйтеуір десе болды деп азаптанады. Мұратыма өзімді-өзім мақтап-ақ жетем дейді. Сөйтіп жүріп ақылдан алшақтап, ақымақтар тобырынан бір-ақ шығады.

Төртінші кесел – мінезсіздік. Бұл құбылма кісілерге тән қасиет. Абай сөздерімен айтсақ, ертеңгі айтқан сөзі түске жетпейді, “көңіл қаймағы” деген болмайды, неге ренжіп, неге қуанатынын ешкім болжап та біле алмайды. Абай қорытындысы мынадай: Адамды басқа тіршілік иелерінен ерекше етіп, жаратып, жаратқан ие өзіне бір табан болса жақындай түссін деп оған ақыл берген. Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Онан басқа нәрсе менен оздым ғой демектің бәрі – ақымақшылдық – деген Абай сөздері болашақ ұрпаққа қалдырған өсиет секілді.

“Қазақ та адам баласы ғой, көбі ақылсыздығынан азбайды, ақылдың сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, байлаулылықтың жоқтығынан азады. Әйтпесе құдайға терістіктен не ар мен ұятқа терістіктен сілкініп, бойын жиып ала алмаған кісі, үнемі жаманшылыққа, мақтанға салынып, өз бойын өзі бір тексермей кеткен кісі, тәуір жігіт түгіл, әуелі адам ба өзі” (Есімов, 1994: 163). Сонымен жүректі ақыл сақтайды, ал ақылдың қорғаны бола ма, жоқ әлде ақыл өзін-өзі қорғай ма?

Адамға деген сенім, сүйіспеншілік, үміт қазақтың бір-бірімен жақындасуына, табысуына, туыстасуына ықпал етті. Көшпелі дәстүр кезінде кедергіні кемітті, өзара сыйластық пен сүйіспеншілік дәстүрлерін нығайтты. Кісілікке деген құрмет ізгілік, шындық, әділеттілікті күшейтіп, өмірлік құндылықтың адами өлшемін молайтты. Абай адамнан кісілік қасиетті, қарымқатынастың құндылығын іздеді. Қазақ кісілікті өнегемен тәрбиеледі, әдептің нақты үлгісімен үйлестірді.

Ұлы Абай Құнанбаевтың қара сөздеріндегі 32-сөзінде: «Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түседі. Шала мейір шала байқайды. Екінші, ғылымды үйренгенде, ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек. Үшінші, әрбір хақиқатқа тырысып ижтиһатыңмен көзің жетсе, соны тұт, өлсең айрылма. Егер де ондай білгендігің өзіңді жеңе алмаса, кімге пұл болады? Өзің құрметтемеген нәрсеге бөтеннен қайтіп құрмет күтесің? Төртінші, білім-ғылымды көбейтуге екі қару бар адамның ішінде: бірі мұлахаза қылу, екіншісі берік мұхафаза қылу. Бұл екі қуатты зорайту жаһатінде болу керек. Бұлар зораймай,

ғылым зораймайды. Бесінші, осы сөздің он тоғызыншы бабында жазылған ақыл кеселі деген төрт нәрсе бар. Содан қашық болу керек. Соның ішінде уайымсыз салғырттық деген бір нәрсе бар, зинһар, жаным, соған бек сақ бол, әсіресе, әуелі құдайдың, халықтың, дәулеттің, ғибраттың, ақылдың, ардың – бәрінің дұшпаны. Ол бар жерде бұлар болмайды. Алтыншы, ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауығы болады» (Абай, 2006:100) делінген.

Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі – көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші сол нәрсені естігенде я көргенде ғибратлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек; үшінші – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші ой кеселі нәрселерден қашық болу керек. Егер кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер (Есім, 1995: 28).

### Қорытынды

Қорыта айтқанда, Абай тағылымы, мұрасы қазақ халқының өмірлік философиясы. Абай танымы – қазақтың танымы. Абайдың жолы – қазақтың жолы. Абай қазақтың елдігі мен абыройлылығын, еңсесі биіктігін қалады, еркіндігі мен егемендігін аңсады. Сол үшін қазақты сынай

отырып, сыншылдығымен оның қадір-қасиетін көтерді, күш салды. Дертті аурудан айығу үшін адамның көңілі ашық, жүрегі кең, мінезі мекем, ниеті адал болуы жолын көрсетті.

Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов бастаған, «Қазақ» газеті төңірегіне жиналған алаш қайраткерлері Абайды «рухани әке» деп атағанын бүгінгі жастар білуі тиіс. Абайды елге танытқандар алаш арыстары болды. Ал, Мұхтар Әуезов Абайдың хакімдік дәрежесін ашты.

Қазақтың танымы, тағлымы, ой-сана деңгейі, парасат әлемі дегенде дәл қазір қалың бұқара Абайға қарайды. Өйткені, ол – ұлт руханиятының дара өлшемі. Бүгінгі таңда, кең байтақ қазақ жерінде Абай, Шәкәрім аңсаған «ар заманы» орнауын тәуелсіз қазақ елінің әр азаматы аңсайды. Әрбір алаш баласы пайда ойламай, ар ойлап, қазақ халқының өмірлік философиясын жүрегімен сезінсе, ойшылымыздың ұлы арманы орындалды деген сөз.

Қоғамды жайлаған дерт арсыздық, даңғазалық пен керенаулық келешегімізді күңгірттендіреді. Дегенмен, бізде қоғам, заман індет, дерттеріне тойтарыс беретін қарулы күшіміз бар. Ол – Абай мұрасы. Ол үшін, Абайдың ойшылдық мұрасын меңгеруге даярлық қажет, санаға ендіру үшін әр адамның тынымсыз ой еңбегі керек.

Хакім Абай мұрасы – қазақтың қазақтығын әлемге танытатын нағыз рухани бренді, елдің имиджі.

### Әдебиеттер

- Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы. – Т.1: Өлеңдер мен аудармалар. (1995) – 336 б.
- Абай. Энциклопедия. (Бас редактор Р.Н. Нұрғалиев) (1995). – Алматы: Атамұра. – 720 б.
- Әуезов М. (1995) Абай Құнанбаев. Монографиялық зерттеулер мен мақалалар. – Алматы: Санат. – 320 б.
- Есім Ғ. (2019) Ғұлама-наме. Ғылыми трилогия. – Нұр-Сұлтан. – 640 б.
- Есім Ғ. (2012) Хакім Абай. – Астана: Фолиант. – 400 б.
- Есім Ғ. (1998) Сана болмысы. – Алматы: Ғылым. – 307 б.
- Есім Ғ. (1995) Алла болмысы және оны тану // Абайдың дүниетанымы мен философиясы. – Алматы: Ғылым. – 184 б.
- Есімов Ғ. (1994) Хакім Абай (даналық дүниетанымы). – Алматы: Атамұра-Қазақстан. – 200 б.
- Жоселин Перар, Маривонн Перро (2004), Абай – экзистенциальный мыслитель // Мир Абая. – Алматы: МКА. – С. 74-77.
- Құнанбайұлы А. (2006) Қара сөздер. – Орал: Оптика. – 164 б.
- Құнанбайұлы А. (2016) Қара сөздер. – Алматы: Meloman Publishing. – 184 б.
- Мырзахметов М. (1982) Әуезов және абайтану проблемалары. – Алматы: Ғылым. – 292 б.
- Мырзахметов М. (1994) Абай және Шығыс. – Алматы: Қазақстан. – 208 б.
- Нұрғалиев Р. (2005) Жеті томдық шығармалар жинағы. Екінші том. Сөз өнерінің эстетикасы. – Астана. – 350 б.
- Омаров Д. (2002) Абайтану: немесе ұлы ойшылдың рухани кемелдену туралы ілімі. – Алматы: Мектеп. – 216 б.
- Сүйіншәлиев Х.Ж. (1956) Абайдың қара сөздері. – Алматы: Жазушы. – 121 б.
- Сыздық Р. (2004) Абайдың сөз өрнегі: оқулық. – Алматы: Арыс. – 208 б.
- Тарақов М. (2010) Гете – Лермонтов – Абай: ой мен сезім үндестігі // Абай институтының хабаршысы. – Алматы, – №5. 13-15 б.

Тоқаев Қ. (2020) Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан // Егемен Қазақстан. 09 қаңтар 2020 жыл, <https://egemen.kz/article/217247-abay-dgane-xxi-ghasyrdaghy-qazaqstan>

Тұрсынбаева А., Малдыбек А. (2019) Абай «Қара сөздеріндегі» адамшылық құндылығын ашатын ұғымдар// Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршы. Философия, мәдениеттану, саясаттану сериясы. – №1 (67). – 61 б.

Тұрсынбаева А., Малдыбек А. (2019) Абай дүниетанымының діни сипаты// Адам әлемі. – №3 (81). – 51 б.

Шамахайұлы Қ. (2019) Абайтану дәрістері: оқулық. – Алматы: ТехноЭрудит. – Т.1. – 258 б.

### References

Abay (Ibrahim) Qunanbauly shyǵarmalarynyń eki tomdyq tolyq jınaǵy. [Abay (Ibrahim) Kunanbayev complete works in two volumes], Almaty: Jazýshy. – Т. 1: Óleńder men aýdarmalar. – 1995.- 336 bet.

Abay. Ensiklopedia.[ Abay. Encyclopedia], (Bas redaktor R.N.Nurǵaliev) (1995). -Almaty: Atamura . – 720 b.

Áyezov M. (1995), Abay Qunanbaev. Monografialyq zertteýler men maqalalar. [Abay Kunanbayev. Monographic research and articles], Almaty: Sanat. – 320 b .

Esim Ğ. (2019), Ğulama–name. [Genius–name], Ğylymi trilogia. -Nur-Sultan . -640 bet.

Esim, Ğ.(2012), Hakim Abay.[Hakim Abay] Astana: Foliant, -400 b.

Esim Ğ. (1998), Sana bolmysy. [The essence of consciousness], Almaty: Ğylym, – 307 b.

Esim Ğ. (1995), Alla bolmysy jáne ony taný. [Existence of God and his knowledge]// Abaydın dúnietanymy men filosofiasy. – Almaty: Ğylym, 184 b.

Esimov F. (1994 ), Hakim Abay (danalyk dýnietanymy). [Hakim Abai (worldview of wisdom)], Almaty, Atamura- Kazakhstan, 200 b.

Joselin Perar, Marivonn Perro (2004) , Abay – ekzistensialnyi myslitel [Abay is an existential thinker]// Mir Abaya. – Almaty: MKA. – С. 74-77.

Qunanbauly A. (2006), Qapa sózder. [Edifying words], Opal: Optika. – 164 b.

Qunanbauly A. (2016), Qapa sózder. [Edifying words], Almaty: Meloman Publishing. – 184 b.

Myrzahmetov M. (1982), Áyezov jáne abaytanu problemalary. [Problems of Auezov and Abay studies], Almaty, Ğylym. – 292 b.

Myrzahmetov, M. (1994), Abai jáne Shyǵys.[ Abay and the East], Almaty: Qazaqstan, 208 b.

Nurǵaliev R. (2005), Jetti tomdyq shyǵarmalar jınaǵy. Ekinshi tom. Sóz óneriniń estetikasi.[ Collection of works in seven volumes. The second volume. Aesthetics of word art], Astana. 350 b.

Omarov D. (2002), Abaitaný: nemese uly oishyldyń rýhanı kemeldený týraly ilimi.[ Abayology: or the teachings of a great thinker about spiritual perfection], Almaty: Mektep. – 216 b

Súinsháliev H.J. (1956), Abaidyń qara sózderi.[ Abay’s words of edification], Almaty: Jazýshy. – 121 b.

Syzdyq R. (2004), Abaidyń sóz órnegi: oqýlyq.[ Magic of Abay’s words: textbook], Almaty: Arys. – 208 b.

Tarakov M. (2010), Gete – Lermontov – Abay: oi men sezim úndectigi. [Goethe – Lermontov – Abai: the harmony of thoughts and feelings], // Abay institutyńyń habarshysy. – Almaty, №5. 13-15 b.

Toқаев Q. (2020), Abay jáne ХХІ ғасырдағы Қазақстан. [Abay and Kazakhstan in the ХХІ century], Egeмен Qazaqstan. 09 қаңтар 2020 жыл. <https://egemen.kz/article/217247-abay-dgane-xxi-ghasyrdaghy-qazaqstan>

Tursynbaeva A., Maldybek A. (2019), Abay «Qapa sózderindegi» adamshylyk kundylyǵyn astatyn uǵymdar. [Human values in «Edifying words» of Abay]// Ál-Farabi atyndaǵy QazUÝ Habarshy. Filosofia, madeniettaný, saiasattaný seriesy. №1 (67). – 61 b.

Tursynbaeva A., Maldybek A. (2019), Abai dúnietanymynyń dini sipaty.[ Religious Character of Abai’s Worldview] // Adam álemi, №3 (81).-51 b.

Shamahaiuly Q.(2019), Abaytanu dáristeri:okulyk.[ Lectures of Abay studies: textbook], Almaty: TehnoErýdit . Т.1. – 258 b.